Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. Математикалық негіздері Құрастыру	«Топтағы ойыншықтар» Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан жіңішке сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру. Математикалық негіздері Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру. Құрастыру	«Көрші-көрші» Мақсаты: Сан құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету. Көрнекілік: Кеспе қалтадағы сандық карточкалар: 1-5 Математикалық негіздері	«Қандай сандар жетіспейді?» Мақсаты: Сандарды тани білуге, аталған сан арасындағы санды атай білуге үйрету. Математикалық негіздері Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдары мен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен(тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. Құрастыру	«Қиындыларды дұрыс бөл» Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру. Математикалық негіздері Құрастыру
Білім беру	Тосын сәт. Хатшы хат пен қорапша	Дене тәрбиесі (педагог жоспары бойынша)	Дене тәрбиесі (педагог жоспары бойынша)	Дене тәрбиесі (педагог жоспары бойынша)	Ой дамыту. Б.Жақып «Сырғанақ»

Ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет

өкеледі.
Хатты оқу.
Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен?
Қәне онда тапсырмаларды орындайық.

**Менің сүйікті бұрышым
Суреттер сөйлейді.**

Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік.

1-топ. Аққала тобы

2-топ Ақшақар тобы.

1-топ Аққала тобына тапсырма.

Суретке қарап қыс мезгілі туралы әңгіме құрандар?

2-топ Ақшақар тобына тапсырма.

Қысқы еңбек туралы суретке әңгіме құрандар
Балаларды мадақтау.

2-тапсырма.

Миға шабул.

Дид ойын: «Кім тапқыр?»
Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?

1. Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тонады.
(қар)

2. Тісі жоқ, тістеп алады.
Қолы жоқ, сурет салады.
(аяз)

3. Мені қардан жасапты,
Ойланып көр
Қолым-таяқ,
Мұрным-сәбіз,
Көзім-көмір. (аққала)

4. Қырға сүйреп шығам,
Ойғы мініп түсем. (шана)

5. Өзі судан жаралған,
Бірақ судан қорқалды. (мұз)

Таңғажайып сәт.
Қар Ханшайымының сәлемдемесі.
Сиқырлы сандықша.
Жұмбақ жасыру.
Жұмбақтың шешуі арқылы
Сандықшаның ашылуы
Тапсырмаларды орындау.

Ой дамыту

1 тапсырма
Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мнемо кестемен жұмыс

Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілі.

Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?

- Қар жауады, аяз болады,
боран соғады, мұз қатады.

Қыс мезгілінде қалай киінеміз?

- Тон, малақай, етік, шалбар,
жейде, қолғап, мойынорағыш,
баскиім киеміз.

Сөздік жұмыс жүргізу.

2 тапсырма.

Дид ойын: «Кім жылдам?»

Қысқы киімдерді құрастыру.
Сергіту сәті.

«Боран» дауыс
Балалар ненің дауысын естіп тұрсындар? Боранның.

Боранды қимылмен көрсетеміз

(қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гүілдейді.)

Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып, аяқтарын топылдатады).

- Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды).

Музыка (педагог жоспары бойынша)
«Қысқы ойын-сауық» тақырыбына сюжеттік суреттер сериясын көрсету.
Тәрбиеші :

1. Мына суреттегі кім? Олар не істеп жатыр?

2. Балалар құстарды немен тамақтандырады?

3. Қоректендіргішке қандай құстар ұшып келді (сауысқан, қарға, торғай)

4. Басқа балалар не істеп жатыр?

5. Шанамен кім айналысады? Олар қайда мінеді?

6. Шаңғымен кім айналысады? Олар қайда мінеді?

7. Басқа балалар не істеп жатыр?

8. Серуен кезінде балалардың көңіл-күйі қандай?

9. Қалай ойлайсындар, балалармен серуен қалай аяқталады?

10. Қар туралы не деуге болады? (жұмсақ, ылғалды, суық, қытырлақ.)

Сергіту сәті: Қыс қызығы.

Музыкамен.

Қысқы ойын түрлері.

Қыста ойынға шығу үшін қалай киінеміз?

Егер қалың киінбесек не болады?

Дид ойын: «Кім жылдам?»
Қысқы киімдерді құрастыру.

1-ойын түрі.

Дид ойын: «Қар адам»
Балалар қардан емес,

Музыка (педагог жоспары бойынша)

Ой қозғау.

Қысқы ойын-сауық туралы әңгімелесу.

Балалар, қыс - жылдың тамаша мезгілі. Осы тамаша дейін қоштасамыз. Қыс өте көңілді болғандықтан үйге кіргіміз келмейді.

Ал біз қыста далада қандай қызықты нәрселер жасаймыз.

Шаңғы тебуге, коньки тебуге, хоккей ойнауға, қардан бекіністер салуға, қардан адам жасауға, қар лақтыруға болады.

Қыста қандай табиғат құбылыстары болады? (Аяз, аяз, қарлы боран, боран, қар жауады, суық).

Жел қандай?
(Күшті, жылдам, суық, екпінді, аязды).

Қыста суда не болады? (олар мұзбен жабылған)

Тек қыста не болады? (Қар).

Қар қандай?
(Жеңіл, жарқыраған, ақ, суық, үлпілдек, бос).
Жарайсындар!

Қызығушылықты ояту.

Біз бүгін Нағыз ғалым ретінде зерттеу жұмыстарымен айналысатын боламыз.
Ендеше біз бүгін бірнеше тәжірибелер жасап, қардың қасиеттерін

-Өлең жолдарын мәнерлеп оқу.

-Өлең мазмұнын ашу.

-Жаттауға үйрету.

Біз тебеміз сырғанақ
Таудан төмен сырғанап
Бір шанада екеуміз
Құламайды екенбіз.....

Дид ойын: «Мені жалға»
Мен сендерге бір сөзді айтып, қар кесегін

лақтырамын, ал сендер оны маған қайта лақтырып, бұл сөзді басқаша атайсындар,

Мысалы: қыс - аппақ.

Аяз - суық

Қар - қалың

Мұз - сырғанақ

шана - зулайды

тон - қалың

Жарайсындар

Дид ойын: «Жаксы» - «Жаман» тапсырмасы. Екі командаға бөлінеміз. Сіздің ойыңызша қыс жақсы ма, жаман ба? Бірінші топ маған қыстың неге жаман екенін, ал екінші топ қыстың жақсы екенін дәлелдейді. Қажетті суреттерді таңдап, оларды өз орнына орналастыру.
Жарайсындар!

Топтық жұмыс.

Дид ойын: «Қысқы пейжаз»

Шарты: Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру

Дид ойын: «Қар ұшқындары»

- Екі қар ұшқынын аламыз - кішкентай және үлкен. Олардың өлшемдері әртүрлі ме, әлде бірдей ме?

6. Су да, мұз бар,
Жер де, қар бар.
Боран басып соғады.
Бұл қай кезде болады?
(қыс)
Екі топты мадақтау.
Сергіту сәті:
Боран соғар оң жақтан,
Боран соғар сол жақтан.
Қар лақтырып ойнасақ,
Суық өтер қолғаптан.
3-тапсырма
Сұрақтар ілмегі.
1-топ Аққала тобына тапсырма.
Воскобович әдісін қолдана отырып, қысқы ағаштарды құрастыру құрастыру.
Ағашқа қиылған қар ұлпаларын жапсыру.
2- топ Ақшақар тобына тапсырма:
Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы капуста қабығын пайдаланып, қысқы ағаш келбетін салу.(сурет)
Ағаш қасына ермексаздан аққала мүсіндеу.(мүсіндеу)
4-тапсырма
Қыс мезгілі туралы тақпақ
Жауды, міне қар аппақ,
Айналаның бәрі аппақ.
Жасырыпты жолдарды,
Тегістелті оларды.
Екі топты мадақтау.
Қорытынды.
Балалар, жарайындар екі топта тапсырманы орындадыңдар!
Енді сиқырлы қорапты ашып қарайық.
Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады.

қайталау.
3 тапсырма. Ой қозғау
Сұрақ- жауап.
Қардың артынан тапсырма орындау.
-Қоян қыста қандай түске енеді?
-Неліктен?
Аю қыста не істейді?
-Неге?
Түлкі мен қасқыр не істейді?
Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қорғануға көмектеседі. Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады. Аю ұйықтайды, ол бал жейді.
Ку түлкі, тышқан, құс аулайды.
4-тапсырма: Дид ойын: «Қыс келбеті»
Балаларды топқа бөлу.
1-топ: Майшам арқылы мұзды бейнелеу.
Шарты: Ақ қағазға майшаммен шимай бейне салу. Үстін көк су бояқпен бояу.
2-топ: Ағаштарға қар ұлпаларын жапсыру.
3-топ: Құстардың ұясына ермексаздан діндер толтырып жасау.
Жасаған жұмыстарды суретке түсіріп, Қар ханшайымына жіберу.
Қортынды
Дид ойын: «Кім тапқыр?»
Жұмбақ жасыру.
Қолымен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады (Аяз)
Көлдің беті көк әйнек,
Сырғанауға тым әйбет. (Мұз)

қағаздан қар жасайық.
Үстелде қағаз парақтары бар, онда дөңгелек пішіндер таратылған.. Пішіндерді ретімен қойып жапсырамыз, енді біз жарма ұнтағын, желіммен жағылған дайындаманың бетіне мұқият құйамыз.
Міне қыста осылай қармен аққала жасап ойнауға болады.

2-ойын түрі:
Дид ойын: «Шанамен сырғанаймыз»
Шарты: Әр түрлі түсте қиылған геометриялық пішіндерден шана құрастыру.
Шанаға жіп тақсақ сүйреп жүруге ыңғайлы болады.
Дид ойын: «Шанаға жіп»
Шарты: ермексаздан созу, есу арқылы шанаға жіп салу.

Талдау.
Тәрбиеші: - Балалар, бүгін біз не туралы сөйлестік?
Балаларды мадақтау.
Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру
Құрастыру

анықтаймыз

Ой дамыту.

Қар дегеніміз не ?

Қар – жерге түсетін жауын-шашын түрі. Ол кішкентай мұз кристалдарынан тұрады.
Қар, жаңбыр сияқты, бұлттан жауады. Су буы жер бетінен өте жоғары көтеріледі. Кристалл үнемі өсіп, ақырында әдемі жұлдызға айналады. Қарды тамашалай отырып, біз қар бұршіктерінің пішіні ауа райына байланысты өзгертетініне назар аударамыз.

Тәжірибе №1

«Қар қасиеті»

- Біздің үстелде, стаканда бір кесек қар жатыр. Алдымен алақаныңызға қараңыз, олар қаншалықты құрғақ? Қарды қолыңызға алып, оның не екенін айт.

Қортынды:

Жауаптар: суық, ақ, жарық.

Тәжірибе №2

«Қардың еруі»

қолымыздағы қарға не болатынын көрейік.
Қар қолымыз жылы болғандықтан еріп кетті, қар тек салқын жерде ғана өз қалпын ұстап тұрады.
Қортынды: Қар еріп, суға айналды.

3-тәжірибе

«Қарды бояуға бола ма?»

Қарды қарапайым тағамдық бояғыштармен немесе бояулармен бояуға болады және оның қалай

Үлкен қар ұшқынын көрсету
«Бұл қандай қар ұшқыны?
Кіші ме, үлкен бе?» Балалар:
үлкен
Мынау қандай қар ұшқыны?» кішкентай!
Ал енді үлкен бұлтқа үлкен қар түйіршіктерін, кішкентай бұлтқа кішкентай қар түйіршіктерін жапсырайық.

Дид ойын: «Қар қиыршықтары»
Дайын қар формасын көк қағазға майшаммен трафарет ішінен бояу.
Үстінен ақ бояумен бояу.

Қортынды

Сұрақ –жауап

Өзгелерге жақсы көңіл-күй сыйлайық. (Балалар алақандарынан көңіл-күйді үрлейді).

Қортынды

Біз қыс мезгілімен қоштасып жатырмыз.
Қыс мезгілі несімен ұнайды?
Қыс мезгіліне арнап тақпақ айтып берейік.
**Уақыт мол бөлеміз,
Қыс қызығын көреміз.
Сары аязға шыңдалып,
Шымыр болар денеміз.
Балаларды мадақтау.**
Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру

Балаларға тәтті кәмпітерді беру.
Мадақтау.
Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру

Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап алу үіа аяқтау.
Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру

Қазақ тілі
Тақырыбы:
«Электротехникалық тұрмыстық заттар»
Қызығушылықты ояту.
Балаларды ортаға шақырады.
Балалар қазір мына әуен аяқталғанша әрбір үйге қажетті деген заттарды алып келіндер.
- Балалар сендердің үйлеріңде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық бұйымдар бар ма?
III. Ой дамыту.
АҚТ технологиясымен жұмыс.
П/Ж ойыны:
«Ас үйдің заттарын ата»
Бұл заттардың бәрі үй тұрмысына қажетті заттар.
Бұлар үй жиһаздары және тұрмыстық техникалық қажетті заттар.
бір-бірінен ажырату үшін экранға назар аудару.
Құрлымдалған ойын:
«Пайдалы, зиянды»
дидактикалық материалдармен жұмыс олардың қажеттілігі, зияны мен пайдасы жайлы айтып

боялатынын, бояу қар массасына қандай жылдамдықпен енетінін дәл бақылау керек.
Балаларды мадақтау.

Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру

		<p>түсіндіру. Әр затты түсіндіру кезінде сұрақ-жауап әдісін қолдану. Мысалы: Бұл не? Бұлүтіконымен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысыды, сосын киім үтіктейміз. Оны балалар қолдануға болмайды. Неге? Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдерімізқыртыстанып тұрады. Тұрмыстық үйге қажетті техникалардың барлығына жеке-жекетоқталу. -Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атаймыз. тұрмыстық техникалар деп атаймыз. Сергіту сәті: «Шаңсорғыш ойыны». Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.</p>			
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	№ 2 Қар (ұлшаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда	№ 3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты	№ 5 Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау. Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін	№ 5 Күн көзін бақылау Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғымен) байланыстырып, балаларға

	<p>болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Қар ұшқыны алты канаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.</p> <p>Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек»</p> <p>Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.</p> <p>Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машыктану.</p> <p>Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады.</p> <p>Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, - қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.</p> <p>Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.</p> <p>Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін.</p> <p>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай.</p> <p>Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар»</p> <p>Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.</p> <p>Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.</p> <p>Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.</p> <p>Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар)</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</p> <p>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сөбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгеі жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады?</p> <p>Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев</p> <p>Қимылды ойын: «» Үйсіз қалған қоян</p> <p>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>толықтыру.</p> <p>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.</p> <p>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p>Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай?</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.</p> <p>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»</p> <p>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу.</p> <p>Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады- желтоксанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды.</p> <p>Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргізу»</p> <p>Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек: Аққала жасау.</p> <p>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әңгіме-салаттарды құрату.</p> <p>Жұмбақ;</p> <p style="text-align: right;">Мақал:</p> <p>Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да еріп.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>
--	---	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жуыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу	Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту	Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынабау әдептерін түсіндіру.	Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.	Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.	Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда-мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.	Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Ой қозғау. Балалар сендер қалай ойлайсындар көшеде жүру тәртібін не басқарады? Суретпен жұмыс.	«Кім тапқыр?» Мақал-мәтелдерді суретке қарап сөйлем құрау. Көркем әдебиет	Қарлығаш пен Дәуіт (ертегі) Ертегіні балаларға тындата отырып, Қарлығаштың адамға дос құс екендігін, Дәуіттің	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойыны Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне	Көліктер («Троллейбус». М. Әлімбаев) Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Жолда жүру ережесі туралы білімдерін

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Балалар қараңдаршы бағдаршамның неше көзі бар? Ал, түстері қандай? Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді? Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін білесіңдер ме? Ол не үшін қажет? Балалардың жауаптары Бағдаршам өлеңі Бұл өлеңнің авторы – С.Дүкенбай. Бағдаршам біледі, Бәрін де көреді. Адам да, көлік те, Сол шаммен жүреді. Бағдаршам, бағдаршам. «Бағдаршам» ойыны: Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі Балаларды мадақтау Көркем әдебиет</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Сақина тастау» «Біртұтаст тәрбие бағдарлама»</p>	<p>адалдығын балаларға түсіндіру. Балаларды бір-біріне көмектесуге, қиналған кезде жәрдем беруге үйрету. Қарлығаш, дәуіт, жыланның суреттері. Көркем әдебиет</p>	<p>сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. Көркем әдебиет</p>	<p>толықтыру. Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу. Көлік түрлерінің суреттері. Қаладағы көше көрінісі. Көркем әдебиет</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Сафия допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады</p>	<p>Көркем мен Нұрдаулет хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады</p>	<p>Әмір Сұлтан заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады</p>	<p>Аяла ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады</p>	<p>Алихан заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызметтеуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін</p>	<p>Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>	<p>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс киіуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
 №14 «Құлагер» ересек тобы
 Ақпан айы 2025 жыл IV - апта
АҚПАН – «ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ» айы
 Апта дәйек сөздері «Жаңашылдық - заман талабы»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.02.2025	Сейсенбі 25.02.2025	Сәрсенбі 26.02.2025	Бейсенбі 27.02.2025	Жұма 28.02.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. «Көңілді шеңбер» ҚР Гимн. Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Музыка Дене тәрбиесі	«Аппақ қар түйіршігі» ойыны . Қар түйіршіктерін ұру арқылы топқа көңілді тыныс алып келеді. Дене шынықтыру Музыка	«Бауырсақ қалай домалады?» ойыны. Бауырсақ балаларды күтіп алады. Дене шынықтыру Музыка	«Миға шабуыл» ойыны. Үстел үстіндегі сурет қимылдарын орындау арқылы топқа кіреді. Дене шынықтыру Музыка	«Көңілді сандар легі» ойыны. Сандарды рет-ретімен аттап секіру. Дене шынықтыру Музыка
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру	Ата-анаға балаларының тамақтануы жайында кеңес беру. Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.	Таңғы қабылдау. Баланың денсаулығы туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.	Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын: ойын: «Көлеңкесін тап» Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады. Қоршаған ортамен таныстыру Қазақ тілі	Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, еңбекті құрметтеуді түсінеді. Қоршаған ортамен таныстыру Қазақ тілі	Дид ойын: ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды. Шарты: Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып ерекшеліктерін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру Қазақ тілі	Дид ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы өз ойларын айта алады. Қоршаған ортамен таныстыру Сөйлеуді дамыту	Дид ойын: «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта алады. Қоршаған ортамен таныстыру Сөйлеуді дамыту
Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Дене тәрбиесі педагог	Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Дене тәрбиесі педагог	Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Дене тәрбиесі педагог	Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Дене тәрбиесі педагог жоспары бойынша.	Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Дене тәрбиесі педагог жоспары бойынша.

	жоспары бойынша. Жаттығу кешені қосымша тіркелген	жоспары бойынша. Жаттығу кешені қосымша тіркелген	жоспары бойынша. Жаттығу кешені қосымша тіркелген	Жаттығу кешені қосымша тіркелген	Жаттығу кешені қосымша тіркелген
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Сөйлеуді дамыту	Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Сөйлеуді дамыту	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Сөйлеуді дамыту	Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.	Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қол соғу» Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Математикалық неіздері	«Тез ойла» Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. Математикалық неіздері	«Дыбыс арқылы санды тап» Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау. Математикалық неіздері	«Кім не істейді?» (етістіктер) Мақсаты: Балаларға есімдерді дұрыс атауды үйрету, мамандықтардың атауларын бекіту. (қазақ тілі)	«Кім? Не?» (зат есімдер) Мақсаты: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. (қазақ тілі) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Арқан тарту» «Біртұтаст тәрбие бағдарлама»
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Ой қозғау. Балалар көктем мезгілі келе жатыр. Біз қыс мезгілімен қоштасамыз. Қыс мезгілі несімен ұнады? Қысқа рақмет айтып қоштасайық. Қыс аппақ қарың үшін рақмет! Қыс қызықты ойындарың үшін рақмет! Қыс тап-таа ауаң үшін рақмет! Қыс бәріне рақмет. Ой дамыту. Балалар көктем мезгілі келе	Дене тәрбиесі (педагог жоспары бойынша) Сұрақ- жауап. Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Жақсы, қуанышты, көңілді. Қызығушылықты ояту. Бүгін мен ертегідей түс көрдім, бірақ ондағы оқиға түсініксіз болды. Мен қазір сендерге айтамын, ал сендер менің түсімді шешуге көмектесесіңдер ма?. Ой қозғау.	Дене тәрбиесі (педагог жоспары бойынша) Музыка (педагог жоспары бойынша) Қызығушылықты ояту. Балалар, бүгін біздің топқа посылка келді. Онда не бар екенін білгілерің келе ме? Балалар: Иә. Тәрбиеші: Енді ашып, ішінде не бар екенін білейік. Педагог пакетті ашып, қораптан жапырақшалары жабық гүлді шығарады. Балалар, міне, тағы бір жазба.	Дене тәрбиесі (педагог жоспары бойынша) Музыка (педагог жоспары бойынша) Тосын сәт. Аудио дыбыс. Торғай ұшып келеді. Хат әкеледі.(қағаздан жасалған торғайды ағашқа байлап көрсету) Тәрбиеші: (хатты оқиды) Құрметті балалар мен көктем ханшайымымын. Бір зұлым сиқыршы келіп, менің айларымды араластырды. Маған көмек керек. Біз көктемге қалай көмектесе	Ғажайып сәт О қараңдар! Кішкентай аю бізге қонаққа келді. Ол кішкентай және көктемді көрмеген, ол көктем туралы толығырақ айтып беруімізді сұрайды. Бұл уақытта аюдың күшігі қысқы ұйқыға кеткеннен кейін ғана оянады және көктемнің алғашқы белгілері туралы білгісі келеді. Ой қозғау. Қане қонжыққа көктемнің алғашқы белгілерін айтайық? -құстар жылы жерден қайтып келеді,

<p>жатыр, орманда не болып жатыр екен, орманға саяхатқа барғыларың келе ме? Б: Ия</p> <p>Саяхат тәртібін білеміз бе?</p> <p>Өзін ұстау ережелері</p> <p>-Ағаштардың бұтақтарын сындырма;</p> <p>-Гүлдерді жұлма;</p> <p>-Саңырауқұлақтарды баспа;</p> <p>- От жақпа;</p> <p>-Орманға жалғыз баруға болмады.</p> <p>-Жүгіруге болмайды.</p> <p>-Асығуға болмайды.</p> <p>Баяу әуен ойнайды.</p> <p>Орманға да келдік балалар жан –жаққа назар аударайықшы табиғат қандай керемет, қазір күн жылынды, көктем мезгілі келе жатқанын білуге болады. . Балалар, қарандаршы мынау кірпінің ізі ғой.</p> <p>Балалар, қарандаршы мына жерде суреттер жатыр, сірә кірпі мына суреттерді бізге тығып кеткен болар.</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>Тәрбиеші суреттерді тақтаға іліп әңгімелейді.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>- Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы</p>	<p>«Шашына жапырақтары мен қар тамшылары өрілген әдемі кейіпкер көрдім. Ол сиқырлы таяқшасын сілттеді де, қар еріп, жапырақтар гүлдей бастады. Қызық, бұл сұлу, сиқыршы кім?(Көктем)</p> <p>Білім жаңарту.</p> <p>Демек бізге енді қандай мезгіл келеді? (Көктем).</p> <p>Менің түсімді анықтауға көмектескендеріңіз үшін рахмет.</p> <p>Ендеше Көктем орманына саяхат жасаймыз ба?</p> <p>АҚТ технологиясымен жұмыс.</p> <p>Көктем айлары қалай аталады? (наурыз сәуір мамыр).</p> <p>-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Қар ериді. Күн ұзарып барады. Күн жылынады, ағаштар бүршік жарады.</p> <p>Көктемнің келуімен айнала да сұлулық пайда болады.</p> <p>- Көктем қандай? сипаттау. Жылы, жасыл, шуақты, хош иісті.</p> <p>Дид ойын: «Жыл мезгілдері» Балалар қарандаршы мына суреттерден не көріп тұрсындар.</p> <p>Қыс, көктем, жаз, күз.</p> <p>-Дұрыс. Балалар, табақтарға әр жыл мезгілінің белгілері бейнеленген суреттер салынады. Көктем, жаз, күз, қыс мезгілдерінің</p>	<p>Педагог жазбаны ашып оқиды</p> <p>Сәлем балалар, қатты мұнайып, көктемді асыға күтемін, бірақ ол әлі келмеді. Көктемнің жолын табуға көмектесіндерші.</p> <p>Бұл қар бүршігі.</p> <p>Балалар Ақшақарға жапырақшаларды ашуға көмектесе ме?</p> <p>1-Жапырақшаның тапсырмасы.</p> <p>Дид ойын: «Суреттерді жина»</p> <p>Қыс пен көктемнің бір-бірімен суреттері араласып кетті, суретті жинау керек.</p> <p>2 - Жапырақшаның тапсырмасы.</p> <p>Дид ойын: «Көктемде не болады?»</p> <p>Шарты: Бұл жапырақ бізді табиғатта көктемде не болатынын көруге шақырады.</p> <p>Тақта №1</p> <p>Балалар: Төбелерден мұздар тамшылайды.</p> <p>Осы тақырыпта суреттер құрастыру.</p> <p>Тақта №2</p> <p>Балалар: Қар еріп жатыр.</p> <p>Тақпақ айту.</p> <p>Көктем келді көгілдір, Жыл құстары сайрады. Қар ериді, қыс кетті, Жауқазындар көктеді.</p> <p>№3 слайд.</p> <p>Балалар: Гүлдер пайда бола бастады.</p> <p>Дәстүрден тыс, трафарет арқылы гүлдер суретін салу.</p> <p>№4 слайд.</p> <p>Балалар: Құстар ұшып</p>	<p>аламыз?</p> <p>Көктемнің ағайынды ұш айы қандай?</p> <p>Дид ойын: «Айлар шатасты»</p> <p>Шарты: балалар тақтада жұмыс істейді.</p> <p>Адамдар бұл айларды қалай атайды?</p> <p>Наурыз</p> <p>Сәуір</p> <p>мамыр</p> <p>Дид ойын: «Қандай сөз жасырылған?»</p> <p>Шарты: Пазлдармен жұмыс.</p> <p>Жасынған жұмбақты табу.</p> <p>1. Гуілдейді құлаққа Оны ешкім көрмейді. (Жел)</p> <p>2. Үстімізде шексіз көк әлем (Аспан)</p> <p>3. Сен бар әлемді жылытасын, Шаршауды еш білмейсің, Терезеден күлімдейсің, Сенсің кәдімгі... дейтін. (Күн)</p> <p>4.Гүл гүл жайнап жер аспан Гүрілдейді сайда өзен Гүлжазира жарасқан Гүлдерімен қай кезең? Көктем)</p> <p>АҚТ технологиясымен жұмыс.</p> <p>Көктем құбылыстары көктемнің суреті.</p> <p>әр түрлі кезеңдердегі көктем құбылыстарын бейнелейтін слайдтар көрсету: жануарлар, құстар, өсімдіктер</p> <p>Ой қозғау.</p> <p>көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады.</p> <p>-Аспан қандай? (балалардың жауаптары)</p> <p>-Ал күн? (балалардың</p>	<p>-бұлақтардан сылдырлап су ағады, -мұздар еріп, тамшылар пайда болады, -ағаштар бүршік жарады.</p> <p>Енді тақтаға қарандаршы, бұл бірінші ояңған гүл қалай аталады? (бәйшешек)</p> <p>Бәйшешек туралы тақпақ білеміз бе?</p> <p>Көктем лебі тұр есіп, Жапты жаңа гүл қырды: Қар астынан дүр өсіп, Бәйшешектер құлпырды. Тұңғыш гүлін көктемнің Аялап тұр көктем күн. Сергіту сәті. Музыкамен.</p> <p>Көктемде жылы жақтан құстар ұшады дедік, құстардың әнін тыңдайық.</p> <p>Дид ойын: «Көшпелі құстар»</p> <p>Шарты: Мен сендерге қоныс аударатын құстар деп атап, суреттерін көрсетсем, алақандарыңды соғасындар.</p> <p>Шығармашылық бұрыш.</p> <p>Мына үстелге қарайық. Онда не жатыр? Иә, боялған ағаш, бірақ бір көңілсіздік бар сияқты.</p> <p>Неге?безендірілмеген, тек дінгек.</p> <p>Дұрыс, безендірілмеген және қызықсыз, біз қонжыққа көктемді ағаштарды түсіндіру үшін оны безендіруіміз керек. Көктемгі ағашты еске түсірейік.</p> <p>-Оның үстінде бүршіктер пайда болады, құстар ұшады, астында алғашқы гүлдер пайда болады.</p> <p>Осының бәрін безендіріп қонжыққа көрсетейік.</p>
---	--	---	---	--

<p>жұлдыздар – осылардың барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді</p> <p>Дид ойын: «Жалғасын тап»</p> <p>Жансыз табиғат - Жанды табиғат - Жанды табиғат жансыз табиғатсыз (тіршілік ете алмайды)</p> <p>Суреттерге сөйлем құрау.</p> <p>Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»</p> <p>Шарты: Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзуға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйм салынғанын суреттерден айырып жинау.</p> <p>Балалар, бәріміз топқа қайтатын кез келді. Бір, екі, үш, төрт, бес, Аяқты басамыз тез тез...</p> <p>Қортынды</p> <p>Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс. Балаларды мадақтау.</p> <p>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру</p>	<p>белгілерін ажыратып айтып беру керек.</p> <p>- Ал көктемде жануарлардың тіршілігі қалай өзгереді?</p> <p>Дид ойын: «Жануарлар мен төлдер»</p> <p>Шарты: Мен сендерге жануарларды қоямын, ал сен олардың төлдерін қоясыңдар. сиыр (бұзау), қасқыр (бөлтірік), қоян (көжек), аю (аюдың күшігі), түлкі (мыршай), тиін (тиін)</p> <p>Тәрбиеші: - Жарайсыңдар балалар.</p> <p>Балалар, көктемгі орман өте әдемі. Қараңдаршы, күн қалай жарқырап тұр. Ал енді біраз демалып алайық. Балалар, мен қазір музыканы қосамын, сендер музыка тоқтаған кезде экранға қарап, сәулелер санына қарай жұп болып тұрасыңдар. Сақ болыңдар. (3,2,1)</p> <p>Балалар сендер тамашасыңдар, күн сендерге өз сәулелерін береді. Бізге саяхаттан қайтатын уақыт келді.</p> <p>Ғажайып сәт</p> <p>Мұнда бірнеше суреттер мен түрлі-түсті шеңберлер тұр. Және тапсырма жазылған тағы бір хат. Онда не жазылғанын және кімнен екенін көрейік.</p> <p>Хат: Балалар, әр жыл мезгілі өзінше тамаша, өзінше бай. Менің әпкелерім туралы көп</p>	<p>келеді.</p> <p>Көктем фонына құстар суретін жапсыру.</p> <p>№5 слайд</p> <p>Балалар: Ағаштар бүршік жарды.</p> <p>Ағаш суретіне ермексаздың жасыл түсімен бүршік салу.</p> <p>Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Бізде екі жапырақ дайын. Тәрбиеші: Үшінші гүл жапырақшаны ашу үшін көктем туралы әңгіме құрастыру керек. Көктемнің белгілерін қараймыз. Барлық суреттерді пайдалана отырып, өз ойымызды айтамыз.</p> <p>Тәрбиеші: Гүліміз жапырақшасын ашып қалды. Міне, сонғы гүл жапырақшасы ... Қандай тамаша маусым - көктем. Көктем туралы музыка тындағыларың келе ме? (музыка тындау) Музыка ұнады ма? Осы әдемі әуенді тындағанда не естідіңдер?</p> <p>Балалар: Тамшылар шырылдап, мұз айдыны тамшылап, бұлақ сыбдыры, торғайлар қуана сайрап жатыр.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, біздің гүл жапырақшаларын ашты, оның көңілі көтерілді, өйткені оның қазір достары көп, көктемгі күннің шуағы қалай жарқырайды.</p> <p>Қортынды</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p>Сурет салу</p>	<p>жауаптары)</p> <p>-Қарға не болады? (балалардың жауаптары) Өзенде қандай өзгерістер болып жатыр? (балалардың жауаптары) - Ағаштар не болады? Неліктен көктемде құстар көп болады? - Құстар немен қоректенеді?</p> <p>Үстелдегі жұмыс (Слайд: көктем туралы суреттер)</p> <p>Балалар, суреттерге мұқият қарап, біреуі бойынша көктем туралы әңгіме құрастырыңдар.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Музыкамен «Көктем»</p> <p>Тәрбиеші: Мен сендерге осы музыканы қайта қосып беремін, ал сендер көңілді бұлт пен күн сәулесін жасандар.</p> <p>Балаларды топқа бөлу.</p> <p>Дид ойын: «Көңілді көктем»</p> <p>1-топ: Аспан әлемін құрастыру.</p> <p>2-топ: Аспан әлеміне күнге сәулелер жапсыру.</p> <p>3- топ: Бұлттың суретін ашық түспен бояу</p> <p>Шарты: аяқталмаған шығармамен жұмыс істейді; педагог қажет болған жағдайда балаларға көмектеседі.</p> <p>Жарайсыңдар.</p> <p>Көктемде әр үйге күн нұрын шашып, одан әрқашан нұр мен жылу келсін.</p> <p>Осы жұмыстарымыздың бәрін көктемге түсіріп жіберейік.</p> <p>Тақпақ: «Көктем»</p>	<p>Ұжымдық жұмыс</p> <p>«Көктем ағашы»</p> <p>Жұмыстың қысқаша мазмұны:</p> <p>Балаларды отырғызу.</p> <p>Балаларға арналған сұрақтар. Қайшымен және желіммен жұмыс істеу ережелері.</p> <p>Практикалық жұмыс (бүктеу арқылы бөлшектерді кесу)</p> <p>Ермексаздан гүлдер жасау, Ұшып жүрген құстарды құрастырып жапсыру, жасыл шөптерді бояу.</p> <p>Өз бетінше әрекет (бөлшектерді құрастыру, жапсыру, толық сурет құру)</p> <p>Рефлексия.</p> <p>Сендер қандай жақсы балаларсыңдар! Ағаш қазір өте әдемі! Енді қысқы ұйқыға кеткен барлық жануарлар осы ағаштың астына жинала алады. Кішкентай аюға біздің ағаш өте ұнады, ол көктем туралы әңгімелер үшін және осындай әдемі жұмыс үшін рахмет. Аю баласымен қоштасып, Аю Анаға баруға рұқсат етейік.</p> <p>Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Құрастыру</p>
--	---	--	---	---

білетіңдеріңді білемін.
Сәулелеріңіздің түсіне қарай жұпқа бөлініп, дұрыс түстің шеңберіне өтуді ұсынамын. Біз туралы не білетіңдеріңді айтыңдар. Сіздерге сәттілік тілеймін.
Сендердің көктемің.
-Ал, балалар қыс, көктем, жаз, күз туралы не айтады? Сәулелеріңнің түсіне қарай жұпқа бөлініп, орнымызды алайық.
Шығармашылық бұрыш.
1-топ: Қыс мезгілін құрастыру.
2-топ: Көктем мезгіліндегі ағаштарға мақта таяқшасы арқылы бүршік салу.
3-топ: Жаз мезгілінде піскен, өзіне ұнаған жемісті мүсіндеу.
4-топ: Күз мезгіліндегі жапырақтарды жапсыру.
Менің «Бастау» деген сигналым бойынша тапсырмалардағы өз суреттерің бойынша әңгіме құрастыру..
Сурет салу
Жапсыру
Мүсіндеу
Құрастыру
Рефлексия.
Жарайсындар балалар, тамаша әңгіме. Ілгері жүру. Балалар, қараңдаршы, мұнда не сызылған? (чемодан, себет және ет тартқыш)
- Дұрыс. Балалар, енді

Жапсыру
Мүсіндеу
Құрастыру

Көктем болды алақай
Қуанар барлық балақай.
Көктемде жаңбыр болады,
Бақшаға гүлдер толады.
Қорытынды:
Балаларды мадақтау.
Қортынды
Сурет салу
Жапсыру
Мүсіндеу
Құрастыру

сәулелерінді алыңдар, егер бүгін көп нәрсені үйрендім, қызық болды деп ойласандар, онда сәулелерінді чемоданға салыңдар. Егер сізге бірдеңе қиын болып көрінсе, онда сәулені ет тартқышқа салыңыз. Ал егер сізді ештеңе қызықтырмаса, менің көмегім қажет болса, оны коқыс жәшігіне салыңыз.

Қазақ тілі

Тақырыбы:

«Мамандықтың бәрі жақсы»(сурет бойынша әңгіме)

Қызығушылықтарын ояту.

Жұмбақ жасыру.

-Бал татыған мәзір,
Ол бар жерде әзір. (аспаз)

-Өскен шашты
жаратпайтын,
Қайшысы бар
жалақтайтын.(шаштараз)

-Басқа қандай
мамандықилерін
білесіңдер?

-Мамандықтар туралы
түсінік беру.

Ой қозғау.

Суретпен жұмыс.

-Мамандық дегеніміз
не?

-Мынау қай мамандық
иесі.

-Ол не істеп жатыр?

-Ол мамандық иесінің
бізге қандай пайдасы
бар?

-Олардың атқаратын
қызметі не?

		<p>Құрлымдалған ойын: «Өз затын тауып бер» Шарты: Кір қыстырғышпен әр мамандықтың затын өз тұсына қыстыру Сөздік жұмыс жүргізу. Көсіп, қияды, емдейді, шабыттанады, Сергіту сәті. Көркем сөз Тақпақ жаттау «Дәрігер» Ден саулығын баланың, Ден саулығын ананың, Ден саулығын қарттыңда, Қамқорлыққа аламын Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Суреттің қиылған бөлігін тауып, қай мамандық екенін тез айту</p>			
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс киіп білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс киіп білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	<p>Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: өткен күндердегі дей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау. Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу.</p>	<p>Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. 1. Сукпа, жылы ма? 2. Күн желді ме, жоқ па? 3. Балалар қалай киінген? 4. Ауа райының жайы қалай анықталады? 5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма? 6. Қар жауып тұр ма?</p>	<p>Құстарды бақылау. Мақсаты: қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау. Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Мың торғай камаса қораға, Бір торғай тұрмайды... Бір торғай тұрмайтын қораға Мың торғай тұрмайды.</p>	<p>Қардың қасиетін бақылау. Мақсаты қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп,</p>	<p>Күн көзін бақылау Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды. Көркем сөз:</p>

<p>Тапсырма: «Ашық аспан» тақырыпта сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.</p> <p>Көркем сөз: Бүрсең қағып жапырақтар, Көше кезіп көшіп жатыр. Тыныш қалған атыраптар, Аппақ қарға тосып жатыр.</p> <p>Қимылды ойындар: «Соқыр теке».</p> <p>Мақсаты: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттату.</p> <p>Еңбек: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру.</p> <p>Мақсаты: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау...</p> <p>Жеке жұмыс: «Кім алысқа лақтырады?». Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>Жорамалдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қыс аязды болса – жаз ыстық болады. 2. Қыста қар мол болса – жазда жаңбыр мол болады. 3. Ағашқа қырау тұрса – күн жылы болады. <p>Қазақ тілі</p>	<p>7. Жуырда қар жауып, өттіме ме? Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.</p> <p>Тапсырма: бұлттың суретін салу.</p> <p>Көркем сөз Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң.</p> <p>Қимылды ойын: «Арқан тарту!»</p> <p>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру.</p> <p>Еңбек: кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту.</p> <p>Мақсаты: балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектеп жүгіруге, секіруге жаттықтыру.</p> <p>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.</p> <p>Қазақ тілі</p>	<p>Қимылды ойындар: «Ұядағы құс»</p> <p>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.</p>	<p>жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: қарды күреу.</p> <p>Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу.</p> <p>Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.</p> <p>Мақал: Сыртта «тау» болып жатса, Үйде су болып тұрады.</p> <p>Далада қар болса, Қамбада астық болады.</p>	<p>Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жұл болып эстафета ойының жүргізу»</p> <p>Мақсаты: шамамен сырғанақ тебу. Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек: Аққала жасау.</p> <p>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әңгіме-салаттарды құрату.</p> <p>Жұмбақ:</p> <p>Мақал: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да еріп.</p>	
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.</p>	<p>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</p>	<p>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту</p>	<p>Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.</p>	<p>Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.</p>

Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.	Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда-мында созылып Тарқасайық, тұрайық
Шарты: Жіп және қыстырғыш пайдалану арқылы, шляпадағы саңылаулардан жіпті өткізу, содан кейін шляпаның жиегіне түрлі-түсті киім қыстырғыштарын қыстыру.

Дидактикалық ойын «Қызыл телпекке жолдан өтуге көмектес»
- Орманға кіру үшін жолды кесіп өту керек. Бірақ ол жолды еш жерден кесіп өте алмайды, жолды тек ақ жолақтардың арнайы жолымен - «зебра» арқылы кесіп өту керек. Қызыл телпек жолды кесіп өтуі үшін ақ жолақтарды

Қауырсын суға батады ма? Тексерейік. Неліктен қауырсын суға батпайды?
Қорытынды: Малтатас ауыр, сондықтан суға батады
Шығармашылық бұрыш
 Балаларды топқа бөлу.
1-топ: А3 форматта өзен суретін құрастыру.
2-топ: Өзен суын бояу.
Тақпақ айту.
 «Ақ тас, қара тас, Құлағымның суын аш!»
 Дөп секендеп балалар, Алақанын соғады.
3-топ: Өзенге балықтарқып жапсыру
4-топ: Өзенге тастар мүсіндеп жапсыру.
Тақпақ айту.
Жарыстырып құлашты,
 Тас атуға тоймайды.
 Қызықтырып су асты,
 Қайта жалақ ойнайды.
 Балаларды мадақтау.

Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру
Құрастыру

патшалығым қалай аталады ?
(Орман.)
 Балалар шаршаған шығарсындар? Орман алқабына отырып , орманның әуенін тыңдайық.
 Орман дыбыстары естіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .
Ой дамыту.
Ағаштар туралы әңгіме(көрнекі үлгілерді пайдалану)
Менің патшалығым-орман , онда ағаштар көп . Ағаш дегеніміз не ?
 (Ағаш - ең үлкен өсімдік. Оның бөліктерін ата. (Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)
Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме?(Иә.) Неге?
 (Ол өседі, тыныс алады)
Дид ойын: «Ретімен жаса»
 Үстелде ағаш бөліктерінің (тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар,) аралас графикалық үлгілері бар .
Ағаштың құрылысының ретін құрастыру. Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету.
 (біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі, бұтақтар мен жапырақтар ағаш тәжін құрайды)
Сергіту сәті:
 Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі.
 Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі.

Бұршақтарды стақан суға құйыңыз.
Тәжірибе бұрышы
 Енді түтікшені алып, бір ұшын стақанға батырып, оны үрлейміз.
 -Бұршақ не болып жатыр?
 Балалар. Бұршақ билеп жатыр.
 Тәрбиеші.
 Ол қалай билейді?
 Балалар. Баяу.
 -Енді қатты үрлейік.
 Біздің бұршақ қалай билейді?
 Балалар. Бұршақ жылдам билеп жатыр.
 Біз ақырын соққан кезде Олай болса, ақырын үрлесек, бұршақ баяу билейді, қатты үрсек, тез билейді.
 Ал енді ойнайық, мен тауық боламын, ал сендер балапан боласындар
Сергіту сәті
«Тауық серуендеуге шықты» әні (Балалар музыкаға қимылдар жасайды)
Дид ойын: «Сикырлы қалта»
Шарты: Ірі және майда дөңдерді ажырату.
 Өтеш балаларға рақмет айтады.
Қорытынды бөлім
 Балалар, біз бүгін қандай жақсылық жасадық, бүгін неге көмектестік?
Қайырымды істер үнемі жасалуы керек екен.
 Біз кереметпіз, өзімізді қошеметтеп алайық
 1,2,3 балабақшаға үш Балаларды мадақтау.
Сурет салу

Дид ойын: «Өтешке арналған бұршақ»
 – Міне, қанша бұршақ өсті. Бұршақ тауының үстіне корозды отырғызып, оны желіммен жабыстырыңыз. Ал енді біз саусақтарымызбен көбірек бұршақ саламыз.
«Өтеш» сергіту сәті
 Балалар «Өтеш» әніне тізелерін жоғары көтеріп, қолдарын бұлғап бөлмені айналып жүреді.
Дид ойын: «Өтеш құйрығы»
 - Түрлі түсті киім қыстырғыштарынан әдемі өтеш құйрығын жасаңыз.

Бұршақ ойындары
 - Бұл бұршақ.
 Ыдыстарыңда қанша бұршақ бар? Көптеген. Енді саусақтарыңмен біреуін алыңыз.
 Бұл не? Бұршақ.
 Түрлі-түсті қағаздарды алдарыңа алыңдар.
 Сіздің кілеміңіз қандай түсті? Ал сенде? Сенде? Бұл қағаз барқыт қағаз деп аталады.
 Қағаздың үстіне алақаныңызды, ал енді саусақтарыңызды жүргізіңіз.
 Бұл қағаздың аты есіңізде ме?
Барқыт.
 -Ал біз бір уыс бұршақ аламыз.
 Бұршақты барлық саусақтарыңызбен және алақаныңызбен ұстанаңыз. Бұл бір уыс деп аталады.
 Табақтарыңыздан бір уыс бұршақты алыңыз және оларды барқыт қағаз төсенішіне салыңыз. Мұнда біз тағы бір жаңа сөзді білдік - бір уыс.

орналастырыңыз.



Дидактикалық ойын:
«Бәліштерді орналастыр»
 - Міне себеттер. Олардағы пирогтарды тарату керек. Себет саны қанша болса, сонша пирогты салыңыз.

Сергіту сәті: «Жолда»
 Балалар түзету жолымен жүреді. Олар туннельге енеді, орындық бойымен жүреді, бұдырлардан секіреді. («Қызыл телпек туралы» фильміндегі әнге).

Дид ойын: «Себет»
 Балалар кәрзеңкеге бәліштер мен бөтелке май жапсырады.
Дид ойын: «Әжеге арналған пирогтар»
 мүсіні
 Дөпте дөңгелек домалақпен мүсіндеп, оны тортқа тегістеп, салмасын салып, оны екіге бүктейміз, шеттерін қысамыз.
Дидактикалық ойын «Қызыл телпек пен қасқыр»
 Қызыл телпек қандай жолмен жүрді? Ұзын жол бойымен. Қызыл телпекті ұзын жолға қойыңыз.

Құстар ұшып жүреді,
Орман ішін аралап.
Аю жүреді қорбаңдап,
Түлкі жүреді қулаңдап
Қасқыр жүреді жаландап
Қоян жүреді секіріп
Біз жай жүрейік демалып.

Ой қозғау.

Балалар, орман нелердің үйі?
Жануарлар мен құстардың.
Орманда қандай жануарлар
тіршілік етеді?

Мына ағаш шұңқырында
қандай жануар тұрады? (Тиін)
Індерде қандай жануарлар
тіршілік етеді? (түлкі,
тышқан.)

Орманда қандай құстар
мекендейді?(Тоқылдақ,
қараторғай, көкек, үкі.)

Орман – аңдар мен құстардың
мекені ғана емес, жердің
жасыл көйлегі. Орманның
ауасы әрқашан таза, өте әдемі,
дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар,
саңырауқұлақтар, жидектер
өседі. Орман – біздің
байлығымыз!

Орман патшалығының
барлық тұрғындарына
сүйіспеншілік пен қамқорлық
көрсетуіміз керек .

Балалар, сендер ормандағы
серуенімізді естеріңе
түсірулерің үшін біз оның
суретін саламыз. Алдымен
қолымызды сурет салуға
дайындап алайық.

Дид ойын: «Суретшілер»
Бүгін біз орманның
ағаштарын ерекше түрде
саламыз.

Бұл суретке біздің қолымыз
қатысады, қараңыз! Сол
қолымызды қағазға қойып,

**Мүсіндеу
Жапсыру
Құрастыру**

Алақаныңызды бұршақтың
үстіне қойып, домалатыңыз.
алға және артқа, айналмалы
қозғалыста - шеңбер сызыңыз.



«Қапшықты тарымен толтыр»
жаттығуы

- Балалар, қасықтарыңды алып
мына дорбаларға мұқият тары
салындар.

Тақпақтар

Оятпа, әтеш, сен бізді,
Өзім де сездім, таң атты.
Сенсіз- ақ білем мезгілді,
Танимын енді сағатты

Мысық

Мынау тұрған мысық,
Екі көзін қысып,
Ұйықтап отыр маужырап,
Сүт көжесін ішіп.

Түлкі

Түлкі деген қу ғой,
Жүрген жері шу ғой.
Жатып алып жағада,
Іздегені ду ғой.
Сұрақ – жауап
Қандай ертегі үйрендік?
Ертегіде қандай кейіпкерлер
бар?

Балаларды мадақтау.

Музыка

Тақырыбы: Құстар дауысы
Жетекші балаларды
«Амандасу
жаттығуын»айтып қарсы
алады.
Көңілді әуен ырғағымен

Қасқыр қай жолмен
жүрді? Қысқа жолда.
Қасқырды қысқа жолға
қойыңыз.

Қай жолдың жанында
көптеген гүлдер өседі?
Ұзын жол бойымен. Ал
қысқа жолдың жанында
қанша гүл өседі? Екі гүл.
Қай жерде көбірек гүлдер
бар? Ұзын жол бойында.



Қасқыр мен Қызыл телпек
жолда демалғысы келді -
олар дінгекке
отырды. Үлкен дінгекке не
отырды? Қасқыр. Ал
кішкентай дінгекке кім
отырды? Қызыл телпек.

Қарындашпен сурет салу
Дид ойын: «Әженің үйіне
жол»

Қасқыр, Қызыл телпек
жүріп бара жатқан
жолдың бойымен
қарындашпен сызу.



Сергіту жаттығуы
Біздің алдымызда кең

оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз Балалар бұл ағашқа бірдеңе жетіспейді. Ол не деп ойлайсындар?(Жапырақтары.) Ендеше ағаштарымызға күзгі жапырақ саламыз ба? Қиылған жапырақтарды ағашқа жапсыру. Қандай әдемі! Қандай тамаша Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін, Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік

От та, суда, ауа да
Жан-жануар барлығы
Орман теңіз тауларда
Табиғаттың байлығы
Поездға отырып
бақшамызға барамыз.

Қортынды
Балаларды мадақтау.
Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру
Құрастыру

Қазақ тілі
Тақырыбы: «Көктемде»

Жұмбақ жасыру.
Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай-салаға ағады.
Бүршік шашып, жапырақ ашып,
Бәйшешек гүл жарады.
-Кім айтады, бұл қай кезде болады?
Әрине, дұрыс айтасындар

жұптасып жүруді үйретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.
«құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.
Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналууды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.
Музыка тыңдау: Балаларды музыка тыңдауға шақырады. Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады. Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіреді. Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді. Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды.
Ән үйрену: Ән тыңдау: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым
Орындалып, ойын ұйымдастырылады.
«Босторғай»(Е.Құсайынов, А.Асылбеков).
«Көкею» (Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған сон, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді. Жетекші қыздарға «шөжелерім» биін

шалғын (қолды екі жаққа созу)
Ал біздің үстімізде биік орман (қолыңды көтер)
Қарағай сол жақта (қолдар солға)
Оң жақта шырша (қолдар солға)
Шулы орман (қолдарын бастың үстінде бұлғау)
Кенет қатты күн күркіреді (алдында қол шапалақтау)
Үйге тез жүгір (қолдармен бастарына «төбе» жасап, отыру)
Түйме ойыны «Әже көйлегі»
- Түймелерді қолайлы түспен өлшемдегі шеңберлерге орналастырыңыз.
Қолданба және саусақ суреті«Немереге арналған тәттілер» Балалар суреттің фонына тәттілердің силуэт бейнелерін жабыстырады, содан кейін торттағы ақ нүктелерді саусақтарымен бояйды, олар жидектер. Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.

Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру
Құрастыру

балалар! Қазір көктем мезгілі.
-Балалар көктем айларын кім айтады?
-Қазір қандай ай?
-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
Ой дамыту
Балаларды топқа бөлу.
1-топ Көктем
2-топ Бәйшешек
3-топ Күн
1 - тапсырма.
Көктем туралы суретке карап әңгіме құрастыру.
Әр топ суретке карап әңгіме құрайды.
2- тапсырма.
Дидактикалық ойын
:«Даусынан таны»
Құстардың даусын аудиодан тыңдап қай құстың даусы екенің айтады.
Сергіту сәті
Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп - кішкентай ағаштар,
Үлкен болып өседі.
тапсырма.
Дид ойын: «Шебер қолдар»
Әр топқа түсіндіру алдарына үлгісін көрсету.
1 топ: Ағаштың бейнесін жапсыру
2 топ: Ұяны қиылған пішіндерден ұя жапсыру.
3 топ: Құстың суретін бояту
4-тапсырма «Тыйым сөздер»
Тыйым сөздер үйрету,
педагогпен бірге қайталау.

қайталады.
Ұлдардың қолдарына камшы беріп, «тұлпарым» биін үйретеді.
Дидактикалық ойын:
«қандай дауыс?»
ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидактикалық ойынмен жалғастырып үйретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабілетін дамытады.
Текшеде мысық пен мысықайдың суреті болады, мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуандыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.

Сурет салу
Мүсіндеу
Жапсыру
Құрастыру

		<p>Құстың ұясын бұзба Құсқа тас лақтырма Құстың жұмыртқасын жарма Бұтақты сындырма Аулаға коқыс тастама Балаларды мадақтау.</p>			
Серуенге дайындық	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>	<p>Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.</p>	<p>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>
Серуен	<p>Ауа райына бақылау жасау. Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.</p> <p>Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Еңбек іс-әрекеті Топырақты тұқым салуға</p>	<p>Күнге бақылау жасау. Бақылау Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету (жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Қимылды ойын «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Еңбек әрекеті Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама Талпырма I. Ауладан күнге</p>	<p>Желге бақылау жасау. Бақылау Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Аспанға бақылау жасау. Бақылау Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр, ал қазір - көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Қимылды ойын «Қазым, қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу табайық» Балалардың жыл мезгілі</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі) Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос</p>

	<p>дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Ауа райын сипатта!» Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды) Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру.</p>	<p>қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. <u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады. <u>Тапсырма 2.</u> Қай зат тез ысыды? <u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда кара заттар тез ысыды. <u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. <u>Қорытынды.</u> Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық. Өзіндік іс-әрекет Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу.</p>	<p>Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы, жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау». Өзіндік іс-әрекет Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау</p>	<p>туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>аяқтап секіре білуді бекіту. (кімде-кім аз секірсе сол жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыту Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Біздің үй қайсы, тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.</p>	<p>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</p>	<p>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту</p>	<p>Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.</p>	<p>Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.</p>
Түскі ас	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</p>	<p>Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p>	<p>Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.</p>	<p>Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды</p>	<p>Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</p>	<p>Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес</p>	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты</p>

	пысықтау.			беру.	орындыққа іліп қоюды пысықтау
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. Кереуетте жатып велосипед тебу. Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.	«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». «Қайырлы күн, көздерім!» Қабакты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	Бір – көтер кәне қолынды Екі – төмен ұста қолынды Үш, төрт – жаныңа соз қолынды Бес дегенде секір көрсет бойынды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. "Құстар көңілденіп жатыр" – қолды шапалақтау	- арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынғақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.	Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау
Балалардың дербес әрекеті (бау қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Кітапхана» сюжетті-рөлді ойыны Мақсаты: Ойын барысында қоршаған орта туралы алған білімдерін, кітапханалардың әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Кітапхана қызметкерлері туралы түсініктерін нақтылау, қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесін бекіту. Ойынды ойластыруын өз құрбыларының ойымен келістіру. Ойын барысында рөлдерді ауыстыру. Балалардың есте сақтауын, тілдерін дамыту. Көркем әдебиет	Дид ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсініп өз ойын айта алады. Қоршаған ортамен таныстыру	«Менің балабақшам» Мақсаты: тақпақ айту арқылы дыбыстарды анық айтуға үйрете отырып, сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет	«Шалқан» ертегісі Мақсаты: ертегідегі кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Көркем әдебиет	«Тақия тастамаю» ұлттық ойын. Мақсаты: балаларды ойын арқылы түрлі бағытта жүгіруге баулу. Көркем әдебиет
Балалармен жеке жұмыс	Алихан гигиеналық шараларды жүргізуде бір-біріне көмектеседі	Мирас сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды	Ерболат заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі	Көркем мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады	Ғазиза бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады

Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	Серуен № 3	Серуен № 4	Серуен № 5	Серуен № 7	Серуен № 9
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалармен біріккен кітапхана қорын молайту, үйде ертегі оқып беру.	Ата-аналарға тымаудан сақтану ережелеріне кеңес беру.	Балаларды бақшаға толық қатысуы туралы сөйлесу.	Ата-аналармен балабақша төлемі туралы сөйлесу.	Ата-аналар мен балаларға демалыс күндеріне тапсырма беру; «Менің сүйікті үй жануарым» атты сурет салу. <i>Өнегелі-15 минут.</i>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

№ 14 «Құлагер» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі 31.03 -04.04 сәуір айы I- апта, 2024-2025 оқу жылы

КҮНДЫЛЫҚ-ЕНБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛКІЛІК АЙЫ

ДӘЙЕК СӨЗДЕР: «ЕНБЕК- ҚУАНЫШ, ЖАЛҚАУЛЫҚ- АЙЫРЫЛМАС АЗАП..» (АБАЙ)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. «Көңілді шеңбер» ҚР Гимн. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы « Күй күмбірі» «Хафиз» (музыка)	Музыкалық қимылды ойын. Ритмикалық дыбыстар. (дене шынықтыру, музыка)	« Досыңа жалғастыр» Доппн ойын. (дене шынықтыру, музыка)	«Жұмбақ шеше білейік» Мақал-мәтелдер және жұмбақ шешіп жарысайық. (дене шынықтыру, музыка)	«Нейро» жаттығуы. Қимылды қозғалысты ойын ұйымдастыру. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы « Күй күмбірі» «Хафиз» (музыка)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру Ата-аналарға консультация беру	Ата-аналармен демалыс күндері балалардың денсаулығының өзгерістері болмағаны туралы сөйлесу.	Ата-аналармен балалардың бүгінгі көңіл-күйлерінің қалыпты екенімен сөйлесу. Өнегелі 15 минут «Құндылықтар ағашы»	Ата-аналарға баланы жылдам ұйқысын ашу үшін кеңестер беру. Өнегелі 15 минут «Жақсы іс күнтізбесі»	Балабақшаға келгенше тақпақ, өлең жолдарын қайталау.	Ата-аналарға балалармен біріккен ертегі кітаптары қорының толықтыруы туралы сөйлесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сурет сала білеміз» Сурет дәптермен жұмыс (Сурет салу)	«Жақсы мен жаман» ертегісін сомдау. (сөйлеуді дамыту)	« Дамино», «Лато» үстел үсті ойындары (сөйлеуді дамыту)	«Қимылды ойын: «Сандарды ретімен басып өт»	« Мақта қыз» ертегісін сомдау. (қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру.	Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.	Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.	Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.	Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру.

<p>Таңғы ас</p>	<p>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Қазақ тілі</p>	<p>Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. Қазақ тілі</p>	<p>Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Қазақ тілі</p>	<p>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Қазақ тілі</p>	<p>Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Геометриялық фигуралар.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (математика негіздері)</p>	<p>Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. (математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>Кеңістікті бағдарлау.Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>Әрі қарай кері сана Мақсаты: Сан, санау. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>«Дәстүрлер» Мақсаты: . Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.. (математика негіздері, құрастыру)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Ақсерек – көксерек» Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,</p>	<p>Дене шынықтыру. Нұсқаушының жоспары бойынша ВК: «Қиял әлемі» «Ойнайық та, ойлайық!» Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, Тапқырлығын арттыру. Сызба</p>	<p>Дене шынықтыру. Нұсқаушының жоспары бойынша Музыка. Педагог жоспары бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Бес тас «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан,</p>	<p>Дене шынықтыру Нұсқаушының жоспары бойынша Музыка. Педагог жоспары бойынша</p>	<p>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Асықты тігіп ойнау Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан</p>

	Бізден сізге кім керек.	тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Танграм», «Игровизор»	қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.		тең етіп екіге бөледі.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу
Серуен	Т: «Күнді бақылау» Мақсаты: Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Еңбек: Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға, аула тазалаушыға көмектесу. Қим.ойын: «Күн мен түн» Жаттығу ойыны: Орнында тұрып ұзындыққа секіру. (қоршаған ортамен таныстыру)	Т: «Ауа райын бақылау» Мақсаты: Табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Көркем сөз: «Көктем келді» Б.Қозыкеев Еңбек: Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару. Мақсаты: Бірлесе жұмылып жұмыс істеуге дағдыландыру. Қ/О: «Ормандағы аюда» Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)	Т: «Ұшып келген құстарды бақылау» Мақсаты: Көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Қ/О: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Зейіндерін дамыту. Байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру)	Т: «Маусымдық өзгерістерді бақылау» Көркем сөз Еңбек: Кіші балалар тобының ойын алаңын тазалауға көмектесу. Мақсаты: Жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу Қ/о: Кім жылдам? (қоршаған ортамен таныстыру)	Т: «Терек ағаштарды бақылау» Көркем сөз: «Өсе бер сан ғасыр, Болып таудың түр сәні, Жапырға жап-жасыл Көрдің бе сен шыршаны» Еңбек: Ойын алаңын тазалау Қ/о: «Жұбынды қуып жет» (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Серуеннен алған әсермен бөлісу. «Біз бүгін не байқадық?» (Құрастыру)	«Құстар біздің досымыз» өлеңін айтып, тазалық шараларын орындау. (Сурет салу)	«Менің сүйікті мысығым» Мысық қалай жуынды ойыны (Сурет салу)	« Ағаштардың бүршік жарғанын анықтау. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін анықтау.Әңгімелеп беру. (сөйлеуді дамыту)	«Дана бала» біз ақылды боламыз, айтқан тілді аламыз. (Сурет салу) Тазалық шаралары.
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап,	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін	Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды

	дағдыларын жетілдіру.	асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	ескерту.		қадағалау
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі (көркем әдебиет)	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі (көркем әдебиет)	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі (көркем әдебиет)	«Жақсы мен жамандық» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	КАРТотека № 6 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар(2-3минут) Созылу. Б.к. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып негімізді кеудемізге тигіземіз, аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз(2- 4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру(2- 4 рет) (дене шынықтыру)	КАРТотека № 6 2.Майтабанның алдын алу.(2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету.(3- 4 рет)	КАРТотека № 6 3.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.(2 минут) Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай, солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз(3- 4 рет) Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу(4-5 рет)	КАРТотека № 6 Ойын Жаз бен күз оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз, жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет)	КАРТотека № 6 2.Майтабанның алдын алу.(2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету.(3- 4 рет)
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.	Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамауТамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, жапсыру, мүсіндеу) Қауіпсіздік ережелері: Тақырыбы: «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» Мақсаты: Дәріхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері.	Жол ережелері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. (жапсыру, мүсіндеу) Энергияны үнемдеу: Тақырыбы: «Судың қасиеті» тақырыбы бойынша тәжірибе Мақсаты: Тез гүлдейтін ағаштардың бұтақтарын алдын-ала кесіп алу керек. «Тірі су» деп қағазға	Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.. (жапсыру, мүсіндеу) Экологиялық мәдениет Тақырыбы: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану Мақсаты: Бейнефильмдер мен	«Ғарыш» сюжетті-рөлді ойыны Мақсаты: Ғарыш саласында жүргізілген зерттеулер туралы, зерттеушілердің еңбегінің өзіндік жағдайлары туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойдағы жағдаятты елестету, түсіну және сол жағдаятқа сәйкес әрекет ету. Ойын диалогын модельдеуге, түрлі құрастырғыштарды, құрылыс материалдарын, ауыстырғыш заттарды қолдануға үйрету.	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікт жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен

		жазып, оны бір ыдысқа жабыстыру. Балалармен бірге бұтақтарды қарастырып, содан кейін бұтақтарды суға салып, балаларға судың маңызды қасиеттерінің бірі барлық тіршілік иелеріне өмір сыйлайтынын түсіндіру. Бұтақтарды көрінетін жерге қою. Уақыт өте келе олар бүршік жарады.	мультфильмдер қарау: табиғат туралы танымдық фильмдер қарау. Интерактивті қосымшалар мен ойындарды қолдану: экологиялық тақырыптағы оқу бағдарламалары мен ойындар	Балалардың шығармашылық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). (жапсыру, мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	Қ.Ибраһимге өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді қалыптастыру	Мирасты кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастыруға баулу	Ғазизаны геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ажыратады және атап айтуға дағдыландыру	Нұрайға мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуді дағдыландыру	Имранға жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін меңгерту.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	Т: «Күнді бақылау» Мақсаты: Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Еңбек: Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға, аула тазалаушыға көмектесу. Қим.ойын: «Күн мен түн» Жаттығу ойыны:	Т: «Ауа райын бақылау» Мақсаты: Табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Көркемсөз: «Көктем келді» Б.Қозыкеев Еңбек: Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару. Мақсаты: Бірлесе жұмылып жұмыс істеуге дағдыландыру.	Т: «Ұшып келген құстарды бақылау» Мақсаты: Көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын	Т: «Маусымдық өзгерістерді бақылау» Көркемсөз Еңбек: Кіші балалар тобының ойын алаңын тазалауға көмектесу. Мақсаты: Жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу Қ/о: Кім жылдам?	Т: «Терек ағаштарды бақылау» Көркем сөз: «Өсе бер сан ғасыр, Болып таудың түр сәні, Жапырға жап-жасыл Көрдің бе сен шыршаны» Еңбек: Ойын алаңын тазалау Қ/о: «Жұбынды қуып жет»

	Орнында тұрып ұзындыққа секіру.	Қ/О: «Ормандағы аюда» Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.	арттыру. Қ/о: «Ұшты-ұшты»		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалармен біріккен кітапхана қорын молайту, үйде ертегі оқу. Өнегелі-15 минут.	Ата-аналарға тымаудан сақтану ережелеріне кеңес беру.	Балаларды бақшаға толық қатысуы туралы сөйлесу.	Ата-аналармен балабақша төлемі туралы сөйлесу.	Ата-аналар мен балаларға демалыс күндеріне тапсырма беру;

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

№ 14 «Құлагер» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі 07-11 сәуір айы ІІ- апта, 2024-2025 оқу жылы

ДӘЙЕК СӨЗДЕР: «КӨП ЕҢБЕК ЕТКЕНГЕ БАҚЫТ БАСЫН ИЕДІ» (Леонардо да Винчи)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. «Көңілді шеңбер» ҚР Гимн. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы « Күй күмбірі» «Қыл қобыз» (музыка)	«Сиқырлы шарлар» Өзіне ұнайтын шарлармен ойын қабылдау. (дене шынықтыру, музыка)	«Сиқырлы ертегі әлемі» Ертегі кейіпкерлерінің көңілді қабылдауы. (дене шынықтыру, музыка)	«Доппен секіріп алайық» Қимылды қозғалысты ойын. ҚР Гимн. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы « Күй күмбірі» «Қыл қобыз» (музыка)	«Автобус аялдамасы» Сәлемдесу, «рахмет» айту, қоштасу сияқты сыпайы сөздер айтып көңіл-күйлерін білдіру. (дене шынықтыру, музыка)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру Ата-аналарға консультация беру	Ата-аналармен демалыс күндері балалардың денсаулығының өзгерістері болмағаны туралы сөйлесу.	Ата-аналармен балалардың бүгінгі көңіл-күйлерінің қалыпты екенімен сөйлесу. Өнегелі 15 минут «Сөздер теңізі»	Ата-аналарға баланы жылдам ұйқысын ашу үшін кеңестер беру. Өнегелі 15 минут « Кім қандай мінезді?»	Балабақшаға келгенше тақпақ, өлең жолдарын қайталау.	Ата-аналарға балалармен біріккен ертегі кітаптары қорының толықтыруы туралы сөйлесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Дамино», «Лато» ойындары. Түрлі түсті карточкалар ойыны. (құрастыру)	«Кітапхана» кітап қарау, ертегі тыңдау, білетін ертегілерін атау. (сөйлеуді дамыту)	«Сурет дәптермен жұмыс» Бояуды таңдайбілу. Бояу үйлесімдігін табу. (сурет салу)	«Балабақша өз үйім» түрлі қимылды ойындар (қазақ тілі)	Үстел үсті ойындар. «Сандар мен пішіндер легі» (құрастыру, сурет салу)
Таңертеңгі жаттығу	Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.	Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.	Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.	Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар»	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға	Нан қиқымын шашпаңдар,	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру.	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме.

	Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. (қазақ тілі)	Ойын: «Көңілді трактор» (сөйлеуді дамыту)	«Нан қадірі», «Бір үзім нан» (қазақ тілі)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Асықпай ойлан Мақсаты: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	Қандай дыбыс барлық сөзде бар? Мақсаты: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. (қазақ тілі)	Вагондарға дөңгелек таңдау Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері, құрастыру)	Үй құрлысының ретін көрсет Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. . (математика негіздері, құрастыру) Экологиялық мәдениет: Тақырыбы: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану Мақсаты: Бейнефильмдер мен мультфильмдер қарау: табиғат туралы танымдық фильмдер қарау. Интерактивті қосымшалар мен ойындарды қолдану: экологиялық тақырыптағы оқу бағдарламалары мен ойындар	Бет орамалға лайық жамауларды табу Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. . (математика негіздері, жапсыру) Энергияны үнемдеу: Тақырыбы: «Электр қуаты» тақырыбындағы тәжірибелер циклі «Найзағайды қалай көруге болады?» Мақсаты: найзағайдың табиғаттағы электр қуатының көрінісі екенін анықтау. жүн матаның бөліктері, шар, рупор (дауыс күшейткіш құрал). Тәжірибе жүргізу. Балалар бүктелген матаның бөліктерін шарға (немесе пластикалық затқа) үйкелейді. Оларға рупорды жақындатады (дыбысты күшейту үшін) және бүктелген матаның қабатын ақырын ашады. Олар үйкеліс кезінде матамен не болғанын анықтайды (ол электрлендіріледі),

					жарықшақ пайда болды – электр қуатының көрінісі).
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Асық ойыны Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату) және т.б.</p>	<p>Дене шынықтыру. Нұсқаушының жоспары бойынша ВК: ВК: «Қиял әлемі» «Тез ойла, тез ойна!» Санамақтар арқылы сандарды айта білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар.</p>	<p>Дене шынықтыру. Нұсқаушының жоспары бойынша Музыка. Педагог жоспары бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Ханталапай Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады.</p>	<p>Дене шынықтыру. Нұсқаушының жоспары бойынша Музыка. Педагог жоспары бойынша</p>	<p>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Хан алшы «Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.</p>
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын тудызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйіспеншілікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Т: Ұшып келген құстарды бақылау Мақсаты: Көктем құстары	Т: Қайың ағашын бақылау Мақсаты: Қайың ағашы	Т: Мойыл бұтасын бақылау. Мақсаты: Бұталар	Т: Бұлттарды бақылау Мақсаты: Аспан және оның біздің планетамызға	Т: «Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау. Мақсаты: Бұталар мен

